

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article
FTAMP 16.21.65

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-12-21>

Мырзаберген Малбаков^{1*}, Асау Қайрат²

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru

² докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0000-9172-8889 E-mail: asauqairat@gmail.com

**XVIII-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ СӨЗДІКТЕРІНЕ ЕНГЕН ЛЕКСИКАДАҒЫ
ТАРИХИ СӨЗДІК ҚОР ҚҰРАМЫ**

Андатпа. Қазақ лексикасы XVIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап құрастырыла бастаған орысша-қазақша сөзтізбелерде, орысша-қазақша сөздіктерде, көптілді оқу құралдарында, екітілді және көптілді лұғаттарда, орысша-қазақша тілашарлар мен тілдескіштерде, жолсілтер сөздіктерде, қазақша-орысша сөздіктерде, бұлардан да басқа алуан түрлі лексикографиялық еңбектерде көрініс тауып келеді. XVIII-XX ғасырлардағы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктерде жарияланған қазақ тілінің материалдары осы зерттеудің басты нысаны болып табылады. Әрбір тіл атаулының ішкі тілдік заңдылықтардың және сыртқы экстралингвистикалық жағдаяттардың әсерінен өзгерістерге ұшырауы заңды құбылыс екендігі даусыз. Осыған орай өткен ғасырларда жасалған сөздіктердегі қазақ лексикасының құрамы мен құрылымын қазіргі заманауи ғылым биігінен қарастырудың әлдеқайда маңызды әрі бағалы болары айқын. Зерттеудің басты мақсаты – қазақ тілі лексикасының лексика-семантикалық сипаттарын ашу, атап айтқанда, жекелеген сөздердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін айқындау. Зерттемеде тілдік материалды жинақтау, сұрыптау, құрылымдық тұрғыдан жүйелеу, сондай-ақ талдау жасаудың сипаттамалы және салыстырмалы тәсілдері қолданылады. Зерттеудің алынған нәтижелері мен қорытындылары қазақ тілінің тарихын, оның тарихи лексикологиясы мен лексикографиясын зерттеу ісінде айтарлықтай теориялық үлес болып қосылады. Зерттеме сонымен бірге қазақ тілінің тарихын оқыту тәжірибесінде де пайдалы болмақ.

Тірек сөздер: сөздік; лексикография; тарихи лексикология; тіл тарихы; тарихи сөздік қор

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің AP23488372 «Қазақ лексикографиясының тарихы: XVIII-XX ғғ. аралығындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (тарихи лексикографиялық, тарихи-семантикалық аспект)» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Сілтеме жасау үшін: Малбаков М., Қайрат А. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ сөздіктеріне енген лексикадағы тарихи сөздік қор құрамы. *Tiltanym*, 2025. №4 (100). 12-21-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-12-21>

Мырзаберген Малбаков^{1*}, Асау Қайрат²

^{1*} автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru

² докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0000-9172-8889 E-mail: asauqairat@gmail.com

**СОСТАВ ИСТОРИЧЕСКОГО СЛОВАРНОГО ФОНДА ЛЕКСИКИ,
ПРЕДСТАВЛЕННОЙ В КАЗАХСКИХ СЛОВАРЯХ XVIII-XX ВЕКОВ**

Аннотация. Казахская лексика отражена в русско-казахских словниках, русско-казахских словарях, многоязычных учебных пособиях, двуязычных и многоязычных вокабуляриях, русско-казахских разговорниках и самоучителях, дорожниках со словарем, казахско-русских словарях и в других различных лексикографических трудах, которые были составлены с последней четверти XVIII века. Материалы казахского языка, опубликованные в русско-казахских и казахско-русских словарях XVIII-XX веков являются основным объектом данного исследования.

Общеизвестно, что каждый язык подвергается изменениям под влиянием внутренних языковых процессов и внешних экстралингвистических факторов. В связи с чем вдвойне ценно и значимо рассмотрение состава и структуры казахской лексики, опубликованной в словарях прошлых веков, с точки зрения современной науки. Основной целью исследования является изучение лексико-семантических характеристик казахской лексики, а именно раскрытие структурных и смысловых особенностей слов. В исследовании применяются методы сбора, отбора, систематизации языкового материала, а также описательный и сравнительный методы анализа. Результаты исследования и представленные рекомендации вносят определенный теоретический вклад в дело исследования истории казахского языка, исторической лексикологии и лексикографии, а также могут быть полезными в практике преподавания истории казахского языка.

Ключевые слова: словарь; лексикография; историческая лексикология; история языка; исторический словарный фонд

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан АР23488372 «История казахской лексикографии: лексикографирование и кодификация казахских слов XVIII-XX вв. (историко-лексикографический, лексико-семантический аспект)».

Для цитирования: Малбаков М., Кайрат А. Состав исторического словарного фонда лексики, представленной в казахских словарях XVIII-XX веков. *Tiltanym*, 2025. №4 (100). С. 12-21. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-12-21>

Myrzabergen Malbakov^{1*}, Assau Kairat²

^{1*}Corresponding Author, Doctor of Philological Sciences, Professor,
A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru

²Doctoral Student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0009-0000-9172-8889 E-mail: asaukairat@gmail.com

THE COMPOSITION OF THE HISTORICAL LEXICAL FUND REPRESENTED IN THE KAZAKH DICTIONARIES OF THE XVIII-XX CENTURIES

Abstract. Kazakh vocabulary is reflected in Russian-Kazakh glossaries, Russian-Kazakh dictionaries, multilingual educational manuals, bilingual and multilingual vocabularies, Russian-Kazakh phrasebooks and self-study guides, guide dictionaries, Kazakh-Russian dictionaries, as well as in various other lexicographic works compiled since the last quarter of the 18th century. The materials of the Kazakh language published in Russian-Kazakh and Kazakh-Russian dictionaries of the 18th-20th centuries constitute the main object of this study. It is well known that every language undergoes changes under the influence of internal linguistic processes and external extralinguistic factors. In this regard, analyzing the composition and structure of Kazakh vocabulary published in dictionaries of past centuries from the standpoint of modern science is doubly valuable and significant. The main goal of the study is to examine the lexico-semantic characteristics of Kazakh vocabulary, namely to reveal the structural and semantic features of words. The study employs methods of collecting, selecting, and systematizing linguistic material, as well as descriptive and comparative methods of analysis. The results of the research and the recommendations presented make a certain theoretical contribution to the study of the history of the Kazakh language, historical lexicology and lexicography, and may also be useful in teaching the history of the Kazakh language.

Keywords: vocabulary; lexicography; historical lexicology; language history; historical vocabulary

Source of funding: The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan АР23488372 “The History of Kazakh Lexicography: Lexicography and Codification of Kazakh Words of the XVIII-XX Centuries (Historical-Lexicographic, Lexico-Semantic Aspect)”.

For citation: Malbakov, M., Kairat, A. The Composition of the Historical Lexical Fund Represented in the Kazakh Dictionaries of the XVIII-XX Centuries. *Tiltanym*, 2025. No.4 (100). P. 12-21. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-12-21>

Кіріспе

Қазақ лексикографиясының XVIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап XX ғасырдың алғашқы жиырма жылы арасындағы орысша-қазақша, французша-қазақша, қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктер мен сөздікшелерден, сөздер тізбесінен, тілашарлардан, жолсерік тілдескіштерден, басқа да оқу құралдарынан құралатын материалдарын толық, түпкілікті зерттеу жолымен ғылыми айналымға түсіру – отандық лексикография саласының өзекті міндеттерінің бірінен саналады. Сөз болып отырған уақыт аралығындағы сөздіктерде әрбір тарихи кезеңнің, дәуірдің өмір шындығын, бейнесін айғақтайтын тарихи лексика, тарихи сөздік қор қамтылып

отырады. Мәселен, XVIII ғасырда Өскеменде құрастырылған орысша-қазақша қолжазба сөздікте сол аумақтың, Сібір өлкесінің ерекшеліктері, діни және әскери өмірдің шындықтары ашылатын болса, XIX ғасырдың орта шенінде құрастырылған М. Бекчуриннің «Руководство» деп басталатын еңбегінде татар, қазақ, башқұрт тілдерінің материалдары пайдаланылады. Лексикалық материал тақырыптық топшаларға бөлініп беріледі. Татар, қазақ және башқұрт тілдеріне ортақ түркі тілдік лексика «татар тілі» топшасында келтіріледі де, ал қазақ және башқұрт тілдеріндегі өзгеше қолданыстар жұлдызшалармен белгіленіп отырады. Е. Букиннің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінде Орта Азиялық исламдық фактордың әсері білініп отырады.

Материал және әдістер

Екі тілді және көптілді болып келетін ескі қазақ сөздіктеріндегі лексика құрамында қамтылып отырған тарихи сөздік қорды зерделеу барысында сөздіктердің құрамы мен құрылымына орай іріктеу, топтау, саралау, жинақтау тәрізді алуан түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып отырды. Мәселен, «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков, с коротким объяснением существующих в Оренбургском крае наречий башкир и киргизов и с приложением к нему русско-персидско-татарских слов, разговоров и прописей» деп аталған еңбектегі қазақ тілі лексикасы тақырыптық топшаларға бөлініп берілгендіктен, негізгі зерттеу тақырыптық топшалар құрамында жүргізілді. Е.Букин сөздігі бойынша жүргізілген талдауда да дәл осындай тақырыптық топтарға бөліп топтау, саралау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Бұдан үш ғасыр бұрынғы кезеңнен бергі уақыт аралығында құрастырылған алғашқы сөздік тәжірибелерінің, тұңғыш оқу құралдарының құрылымы мен тарихи сөз құрамын қарастыру барысында лексикография тарихына қатысты дәл осындай зерттеу еңбектеріндегі ғылыми тәжірибе пайдаланылып отырды. Ең алдымен, қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі Ресей аумағында қызмет жасаған отандық түркітанушылардың еңбектері зерттеліп, олар бойынша жасаған библиографиялық сөздік материалдары (А.Н. Кононов. Библиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период). М.: Наука, 1974), Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі қазақ лексикографиясы туындыларын зерттеуге арналған еңбектеріміздегі материалдар («Қазақ сөздіктері». Алматы, 1995; «Қазақ лексикографиясының тарихы». Алматы, 2025), XIX ғасыр тумасы Абай шығармаларындағы және XX ғасыр басында жазылған лексикографиялық еңбектегі (Бокин Т. Русско-киргизский словарь. Верный. 1913) лексикалық материалдар пайдаланылды. Өткен тарихи кезеңдегі қазақ тілі лексикасын қазіргі қазақ тіліндегі лексикамен салыстыру, салғастыру мақсатында заманауи зерттеулер (Мамырбек, Малбақов, Сейітбекова, 2024; Малбақов, Бердиллаева, 2024; Малбақов, Сейітбекова, 2024; Сейітбекова, Сейдамат, 2024, т.б.) мен сөздіктік материалдар (қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, қазақ тілінің аймақтық сөздігі) қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

«Тарихи сөздік қор», «тарихи лексика» атауларын қалай түсініп жүрміз? Әрине, бұған сонау баба түркі заманынан, көне түркі кезеңінен бері жалғасты түрде қолданылып келе жатқан сөздер, сондай-ақ, атақты тілші Эдвард Сепирдің шәкірті, америкалық ғалым Моррис Сводеш жасаған тізбеге енген ең тұрақты лексиканы құрайтын *мен, сен, ол, біз, кім, не, қайда, қашан, қалай* тәрізді есімдіктерден, *іш-, же-, тұр-, отыр-* тәрізді етістіктерден, *үлкен, кіші* тәрізді сын есімдері мен *бір, екі, үш* тәрізді сан есімдерден, *ақ, қара, қызыл, сары, жасыл, көк* тәрізді түр-түс атауларынан, *бас, көз, қол, аяқ, тіл, тіс, ауыз, сүйек, жүрек, бауыр, ет, қан* тәрізді дене мүшелері атауларынан, *ата, ана, ұл, қыз, ер, әйел* тәрізді туыстық атаулардан, *су, от* тәрізді табиғат құбылыстары атауларынан құралған базалық сөздердің енетіндігі даусыз (Wiktionary, 2025).

Тарихи сөз құрамына, сонымен қатар, халықтардың болмыста жүріп өткен түрлі тарихи кезеңдерінің куәсі іспеттес атаулардың да кіретіні белгілі. Бұлардың бірсыпырасы ұзақ тарихи уақытта қолданыста болуын жалғастырып отырса, енді біразы, мәселен, жүз жылдай немесе одан да көбірек уақыт ішінде бірте-бірте халықтың ой-санасынан ұмытылып, жадынан жойылып

кетеді. Бұл жерде кешегі өткен, бүгінгі кезеңдегі және ертеңгі күні болатын қоғамдық жағдаяттарың өзара әсері болады. «Кеңес Одағы» деп аталатын алып мемлекет, «Кеңес үкіметі» деп аталатын дәуір 1917 жылдан 1980-жылдардың аяғына дейін, жетпіс жылдан астам уақыт аралығында болып өтті. «Осы ұғымдарды атаушы сөздер және осы кезеңде орын алған «қызылдар», «ақтар», «қызыл отау», «Ұлы Отан соғысы», «тың игеру» тәрізді өзге де атаулар тарихи сөздер құрамына кіре ме?» – деген сұрау қойылатын болса, бүгінгі күні біз «әрине, сөзсіз кіреді» деп жауап береміз. Алайда, уақыт өткен сайын бұлардың біразының қолданысы азайып, «кеңшар», «ұжымшар» тәрізді баламалары табылып, бірте-бірте көмескіленуі де мүмкін. Ол алуан түрлі жағдаяттарға байланысты болады. Империалистік Ресей патшалығы дәуіріндегі, XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасыр бойы, XX ғасыр басына дейінгі кезеңде түзілген қазақ сөздіктеріндегі тарихи сөз құрамы бойынша да осыны айтуға болады.

XVIII-XX ғғ. қазақ сөздіктеріне енген лексикадағы тарихи сөздік қор құрамын зерттеу – тіл тарихы бойынша жасалатын аса қажетті іс-шаралардың бірі. Әр тарихи дәуірдің өзіндік ерекшеліктеріне орай жаңа сөздердің жасалуына бірден-бір ұйтқы болатын, тілімізде өте ерте замандардан өмір сүріп келе жатқан аз құрамды, көп мағыналы жалпыхалықтық сөздер тарихи сөздік қордағы сөздер ретінде қарастырылады. Оның көлемі тілдің сөздік құрамындағы сөздерден анағұрлым аз болады. Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрамды құрайтын болса, негізгі сөздік қор, тарихи сөздік қор солардың өсіп-өнген негізгі көзі, қайнар бұлағы болып табылады. Ең қажетті ұғым-түсініктерді қамтитын, сол тілде сөйлеуші халықтың бәріне бірдей түсінікті ортақ сөздер құрамынан құралған тарихи сөздік қор жалпыхалықтық тілдегі сөздердің ұйтқысы, олардың ең тұрақты бөлігі болып саналады. Ұланғайыр тарихи кеңістік пен уақытта жасап келе жатқан бұл сөздік қордың құрамына тұрақтылық тән.

Төл сөздік қорымыздың тарихына назар аударып, олардың құрамын айқындау ісі мемлекеттік тіл ретіндегі ана тіліміздің тарихи іргетасының берік болуы жолында жасалуы тиісті игі қадамдардың бірі. Қазақ тіліндегі сан ғасыр бойы пайдаланылып келе жатқан тарихи сөздер құрамы XVIII ғасырдан бергі кезеңде жазылған ескі сөздіктерде көрініс тауып келеді. Мәселен, 1774 жылы Өскемен бекінісінде генерал Скалонның басшылығымен құрастырылған, кирил графикасында түзілген орысша-қазақша сөздікте (Салтыков-Щедрин кітапханасы, 7-қор, №17) *аманат*, *урта* (орда), *ак сюяк* (ақсүйек), *алач яранлар* (алаш жарандар), *утурме* (түрме), *казакбаши*, *ару* (темір киім), *я* (жа), *кол ук* (садақ оғы), *инелик* (енелік), *алацык* (лашық), *кунлук* (шатыр), *тузмал* (аң), *яи* (жаз) тәрізді тарихи сөздік қорға кіретін сөз құрамы өте мол ұшырасып отырады.

Тарихи сөздік қор құрамының ескі сөздіктердегі қамтылу дәрежесі мен деңгейін неғұрлым дәл, тиімді айқындау үшін нақты тақырыптық топшаның берілуіне назар аударалық. Ең алдымен қоғамдық лексикаға жататын сөздерді қарастыралық. Сөзтізбеге алынған негізгі басқы сөздерінің құрамы қазақ мәдениетіне жат, ескі шіркеулік, славяндық, көнеорыстық болып келетін 1774 жылғы орысша-қазақша қолжазба сөздік үшін бірлі-жарым түркілік, қазақтық элементтердің болуы – сол кезеңнің өзінде орыс тілінің барлық басты деңгейлеріне еніп үлгерген тарихи лексикамыздың болғандығынан хабар береді. Бұл жерде, ең алдымен, орыс тіліне түркі тілдерінен енген *аманат*, *бағатыр*, *улус*, *тюрьма* тәрізді түркізмдерді атау қажет.

Мысалы, «аманат – аманат». Бұл сөз Ислам мәдениетінде (*ap.* أمانة) – Алланың атымен белгіленген адалдықтың, ар-намыстың символы, сенімділіктің кепілі ретінде аталады. Ескі Ресейдегі негізгі тарихи аталымы «кепілгер, яғни кепіл ретінде белгіленген адамдарды» білдіреді. Мысалы, 1860-жылдары құрастырылған «Толковый словарь живого великорусского языка» деп аталатын Владимир Дальдің сөздігінде: «*Аманатъ* м. заложник; человек, взятый в залог, в обеспечение чего, верности племени или народа, подданства покоренных и пр.» түрінде берілген (Даль, 1863-1866). Ресей тарихындағы Солтүстік Кавказда жүргізілген Кавказ соғысы кезеңінде де осындай аманат беру, аманат ұстау тәжірибесі болған екен. Ғаламторға назар салсақ, Сібірді жаулап алу кезеңінде орыс басшылығында ру-тайпаның, елдің басшылығында отырған адамдардың туыстарын аманат ретінде ұстау тәжірибесінің болғандығын көреміз. Уездік ірі қалаларда «аманатский двор» деп аталатын орындарда ұсталып отырған аманаттарға арнайы қарауыл қойылатын болған. Оларға, сондай-ақ, қазына есебінен тиесілі қаражат,

материалдық дүние-мүлік беріліп отырған. Сібір воеводаларының Енесай қырғыздарынан осындай аманат алғандығы жазылған. XVIII ғасырдағы орыс басшылығы осындай аманаттарды ұстап отырған. Осылай екендігін, мәселен, 1739 жылғы Белград бейбіт келісімінің мәтіні айғақтап отыр. 1774 жылғы сөздікте, құрастырылуына генерал Скалон тәрізді әскери адамдар басшылық жасаған сөздікте, сөздің осындай тарихи-әскери мәні туралы сөз болып отыр.

«Улус – ил» аудармасынан тұтас бір елді білдіретін «ұлыс» атауының қазақ тілі үшін орыс тіліндегі орысша-қазақша сөздіктердегі тарихи тұрғыдан тұңғыш қолданысы ретінде құндылығын байқаймыз. «Тюрьма – утурме (отырма)» аудармасында орыс тіліне еніп кеткен түркі тілдерінің *türme* атауы туралы айтылып отырғандығы белгілі. Ол туралы Макс Фасмердің «Этимологический словарь русского языка» атты еңбегінде жазылады (Фасмер, 1986-1987). Ал енді осы *турме* сөзінің өзі «отырма» атауынан дамып шыққандығы белгілі. Демек, 1774 жылғы сөздікте келтіріліп отырған *утурме* (отырма) деген қазақ сөзі өзінің дәлдігімен қайран қалдырады. Сөздіктегі *урта* (орда), *ак сюяк* (ақсүйек) сөздері тарихи тұрғыдан орыс-қазақ сөздіктері арасында осы еңбекте тұңғыш рет қолданылып отыр. Сөздікте орыстың «мир» сөзі бір ретте «халық» түрінде аударылса, «дүние, әлем, жер жүзі» мағынасындағы «*мир*» сөзі екінші кезекте «алаш жарандар» болып аударылған. *Алаш жарандар* – «қазақ халқы» дегенді білдіреді. Қалай болғанда да, қазақ халқының ескі кезеңнен бері қолданыстағы жалпы атауын айғақтайтын, сол себепті тіл тарихы, тарихи диалектология үшін құнды дерек болып табылады. «Волость – руу: иль» аудармасы туралы айтар болсақ, бұл қолданыс та сол кезеңдерде қазақы ортада бір рулы елдің бір болыстыққа қарағандығынан хабар береді. Тарихи тұрғыдан құнды қолданыс деп ойлаймыз. Жақсы жасалған аудармалардың бірі «князь – мирза», «господския дети – мирза баласы», «господской сынъ – мирзанин баласы», «господской сынъ в попе – мирза баласы мулла булди». Бұл қазақ халқы үшін тарихи тұрғыдан аса құнды «мырза» сөзінің 1774 жылғы орыс-қазақ сөздігінде кеңінен қолданыс тапқандығын байқатады. Сөздіктегі *казакбаши* сөзінен қазіргі «елбасы», «қолбасы» тәрізді атаулар құрамындағы «басы» тәрізді дәстүрлі қолданысты көріп отырмыз. Тарихи тұрғыдан осы сөздікте тұңғыш рет қолданылып отыр. Жоғарыда аталған *алашық* сөзінің тұлғасынан бүгінгі «лашық» атауының бастапқы айтылымын көреміз. Демек, аталмыш сөздік тіліміздегі жеке-жеке сөздердің тұлғалық жақтан тарихи даму жолын айғақтайтын дерек көзіне айналып отыр.

Екіншіден, сол кездің өзінде орыс тілінен қазақ тіліне еніп кеткен *баи* (*поек*), *указ* тәрізді сөздерді байқаймыз. «Закон» сөзі «дін» ретінде аударылған. Әрине, қазіргі заманауи көзқарас тұрғысынан ойлап, «заңды мемлекет шығарады емес пе, заңға діннің қандай қатынасы бар. Бұл жер – қате қолданыс» деуге болады. Алайда Ресей тәрізді алып империяның, ол империяны құраушы басты халықтың түпкі өзегінде православие діні, діни негіз жатқандығын, мемлекеттің заңдарының негізінде де діни өзек жатқандығын мойындау қажет. Жоғарыда келтірілген «паек – баи» аудармасынан және «паіок муки – баиун» аудармасынан, сол кезеңде де, яғни XVIII ғасырдағы Ресей мемлекетінде де азықты үнемдеп жұмсау тәртібінің болғандығының куәсін байқаймыз. Бұл жерде *паек*, яғни белгілі бір мерзімге мөлшерлеп берілетін азық-түлік түрі, нақты айтқанда «паекқа берілетін ұн мөлшері» туралы сөз болып отыр. Демек, қазақы мәнерде айтқанда, «пай ұн» деген дұрыс. 1774 жылғы сөздікте тіркеліп отырған «присяга – антшарт» аудармасы өзінің жаңалығымен құнды. Бұл жерде *ант* қана емес, *антшарт* болып отыр. Ұтқыр шешім. «На помочь пожалуи – умега килсун» аудармасы да өте-мөте құнды. Бұл – сол кезеңде де қазақтарда «үме жасау» дәстүрі болғандығының айғағы.

1825 жылы Парижде француз тілінде жарияланған Клапрот сөздікшесінен (Klaproth, 1825) «*bitche* (әйел), *inei* (шеше), *khorgasak* (кемпірқосақ), *tirma* (киіз үй), *dja* (садақ), *жанжабил* (*bozboga*) (тамыры асқа дәм келтіру үшін қосылатын дәрілік өсімдік), *alacha* (жылқы), *ak kyik* (бөкен), *tarpan* (жабайы жылқы), *ottok* (мал жайылымы), *ot* (шөп)» секілді тарихи лексикалық бірліктердің қазақ сөздіктері тарихындағы тұңғыш тіркелімін көреміз. Туыстық атаулар арасында *бише* атауының қолданылуы қызықты. Әрі тарихи лексикографиялық тұрғыдан құнды. Бұл – тұрмыстағы үлкен әйел мағынасындағы *бәйбише* сөзімен қатар *бише* сөзінің де қолданыста болғандығын куәландыратын айғақ. Бұл – Клапрот сөздікшесінің тарихи құнды жақтарының бірі. «Қорғазак» сөзінен түрлі-түсті құр туралы, алайда жердегі жай құр емес, аспанға шығып

кеткен «кезбе құр» туралы ақпар аламыз. Клапрот сөздікшесінде «киіз үй» ұғымын беретін *tirma* сөзі келтіріледі. Жалпытүркілік сөздіктерде, Будагов сөздігінде башқұрт сөзі есебінде, Радловта Төмен (Тюмень) бойы түркілері мен башқұрт тіліндегі сөз ретінде келтіріледі. Алайда, «жиналмалы үй», «тор үй» мәнін беретін аталмыш сөз киіз үйдің қазақ жерінің әр тұсында ұшырасатын атаулары қатарында ұшырасып отырады. Қазіргі «қазақ тілінің аймақтық сөздігі» еңбегінде терме үйдің Орынбор қазақтарында қолданылатыны жазылған: «Терме үй (Рес., Орын.) киіз үй. *Терме үйге* шықтындар ма деп жататын бұрын (Орын., Ад.)» (ҚТАС, 2005).

Демек, «терме үй» атауының Орынбор жақта мекен ететін қазақтардың тілінде бар екендігі айқын, анық дәлелденіп отыр. Сондықтан, бұл сөздің бір кездері қазақ тілінде де болуы әбден мүмкін.

Қазақ тіліндегі «жай» сөзінің оқ ретіндегі мағынасы жалпы бұқараға түсінікті болғанмен, оның одан да қысқаша тұлғада «жа» атануы тұңғыш тек осы сөздікте тіркеліп отыр. Тіліміздегі «сарыжа» деген сөздің құрамында ұшырасатын «жа» сөзінің жеке қолданысы, сөзсіз, аса құнды деректердің бірінен саналады. Французша-қазақша сөздікшеде дәрілік өсімдік ретіндегі «бозбұға» атауы келтірілген. *Бозбұға* атауының қазіргі қазақ тіліндегі синонимі – жанжәбіл (орысшасы – имбир). О. Нақысбеков тамырынан дәрі жасайтын, жусан тәрізді, таулы жерге шығатын өсімдікті білдіретін бұл атаудың ХІ ғасырдағы Махмұд Қашғаридің сөздігінде де болғандығын жазады (Нақысбеков, 1982). Ғалымның болған жерлерінде, Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен шығысында *ага* мағынасында диалектілік *әке* сөзінің де болуы осы сөздікте тіркеліп отыр. Сыпайы қолданыс ретіндегі *еней* – келіндер сөзі екендігі белгілі. Жабайы жылқы – «тарпаң» да (*tarpan*) ғалым назарынан тыс қалмаған. Қазақ сөздіктерінде бірінші рет тіркеліп отыр. Мал жайылымы «оттық» (*ottok*), даланың шөбі «от» (*ot*) тұлғасында берілген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «от – малға азық боларлық шөп» (ҚӘТС, 2011). Демек, «от» сөзі туралы ешқандай дау жоқ. Шындығында, мал жайылымында мал «оттайды», отпен «отығады». Сондықтан мал атауының отты жейтін, оттайтын, отығатын жері де «оттық» болмай не болмақ? Демек, Клапрот келтіріп отырған сөздің құндылығы ешқандай дау тудырмайды. Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде: «Оттық – атқа шөп салатын жер, ақыр» (ҚТАС, 2005). *Оттық* сөзінің «ақыр» мағынасы – бастапқы мағынадан көшірілген, даладан, жайылымнан қораға көшірілген мағынасы деп ойлаймыз.

Клапрот сөздікшесі – еліміздің халық ретіндегі жалпы атауы болып табылатын «қазақ» сөзінің (*khassak, khossak*) ескі сөздіктердегі тарихи тұрғыдан тұңғыш қолданысын беруі тұрғысынан да ерекше құнды еңбек.

1859 жылғы М. Бекчурин еңбегінде де (Бекчурин, 1989) тарихи тұрғыдан тұңғыш рет қолданылып отырған атаулар баршылық: «мойын жаулығы» (*ياولعى موين*) – галстук, ыдыс-аяқ атауларынан: «тұз сауыты» (*طوزصاوتى*), «бұрыш сауыты» (*بوروج صاوتى*), «шанышқы» (*سانچكى*), «таған» (тостаған) (*طاغان*), «сүт сауыты» (*سوت صاوتى*), «бақыр қазан» (кастрөл) (*باقرقزان*), «таба» (*طابا*), «кішкене қазан» (катөлек) (*كيشكنه قازان*), «елек» (*ايلاك*), «қырғыш» (*قرعچ*), «келі» (*كيلي*), «күзе» (кувшин) (*كوزه*); үй-жай атауларынан: «жататұғын бөлме» (*ياتا طورغان بولمه*), «аулақ бөлме, кабинет» (*اولاق بولمه*), шарап сақтайтын жер (винный погреб) (*اچكى بازى*), «есік алды, аула» (*يشاك*), «тас үй» (*طاش اوى*), «ағаш үй» (*اغاچ اوى*), «терезе қақпағы» (*ترازه قابقاچى*), «терезе тесігі, форточка» (*ترازه تيشكى*), «меш (пеш)» (*ميج*), «мұржа/моржа» (*مورجه*), «қонақ бөлмесі» (*قوناق بولماسى*), «ат азбары» (*اط ازبارى*), «монша» (*مونچه*), «баз, погреб» (*باز*), «жол төсегі, матрац» (*بول توشاكى*). «Жататұғын бөлме» – жатын бөлменің ауызекі қолданыстағы варианты болса, қазіргі кабинетті «аулақ бөлме» ретінде қолдану – тосын жағдай. Сондай-ақ форточка «терезе тесігі» деу де тосын қолданыс. «Ас-су, азық-түлік сақтайтын шұңқыр» немесе «үй асты» деген мәндегі *баз* атауы қазіргі қазақ тілінде бар екендігі белгілі. Еңбектегі оқу құралы атауларының: «тақта» (*تاقتا*), «темір қалам» (*تيمرقلم*), «қамыс қалам» (*قلم قامش*), «сызғыш» (*صزعچ*), «мінбер» (*منبر*), «үш аяқ» (*اوج*) қолданысы тарихи тұрғыдан құнды. Қаладағы үй-жайлар атаулары: «ғимарат» (*عمارات*), «тұрым» (*تورم*) (қонақ үй), «пошта үйі» (*پوچنه اوى*), «қазына үйі» (*خزينه اوى*), «кітап үйі, кітапхана» (*كتاب اوى*), «керуен сарай» (*كاروان سارايى*), «қарауылшы үйі» (*قاراولچى اوى*), «падишах үйі, сарай» (*پادشاه اوى*), «дәру үйі, дәріхана» (*دارو اوى*), «майдан, алаң» (*ميدان*). «Тұрым» атауына қатысты қазіргі қазақ тілінде «мекенжай, тұрақ, қоныс» мәніндегі *тұрғы* сөзі бар. Демек, ондай

қолданыстың болуы мүмкін. «Қазына үйі» – қазіргі кезде де қолданысқа енгізуге болатын атау деп ойлаймыз. Майдан сөзінің «кең алаң» мәніндегі қолданысы тілде бар екендігі белгілі. Атақ-лауазым, қызмет, жұмыс атауларынан: «уағыз айтушы» (وعظ ايتوچى), «көнші» (كونچى), «ерші» (ايارچى), «күмісші» (كومسچى), «бақыршы» (باقرقچى), «жезші» (يزچى), «пешші» (پيچچى), «мұржа тазартушы» (مورجه طازارتوچى), «моншашы» (مونچاچى), «дерменші» (تكرمانچى), «сағатшы» (ساعتچى), «етші» (ايتچى), «лашыншы» (لاچنچى), «тәржімашы» (ترجماچى), «егінші» (ايگونچى), «сақшы, күзетші» (صاقچى), «қызметші, жалшы» (خظمتچى،يالچى), «қызметші қатын» (خظمتچى خاتون), «ас пісіруші қатын» (اش پشوروچى خاتون), «кір жуушы қатын» (كرجووچى خاتون) келтіріледі. Бұлар – қазақ сөздіктеріндегі тарихи тұрғыдан соны қолданыстар ретінде бағалы. Бір қызығы, аңшы мағынасында «сонаршы» (صونارچى) сөзі қолданылған. «Крестьянин – кара шекпен» (قارا چيکمان). «Қара шекпен» атауы осы мағынада ескі қазақ сөздіктерінде алғашқылардың бірі ретінде қолданылуы жағынан құнды. Осы еңбекте жоғарыда атамаланып отырған, қазіргі оқырманға әбден түсінікті, кең қолданыстағы «көнші, ерші, күмісші, бақыршы, жезші, пешші, мұржа тазартушы, моншашы, дерменші, сағатшы, етші, ас пісіруші» тәрізді алуан түрлі нақты іс түрлерімен айналысатын адамдардың қызмет атаулары күні бүгін де қолданысқа сұранып тұрған атаулар. Ол кезеңде қазіргі «хана» жұрнағының орнында «үй» сөзі қолданыста болғандығы айқын байқалып тұр.

«Спутник русского человека в Средней Азии...» атаулы сөздікте «ак базар – ярмарка, арда бала – ребенок от новобрачной, родившийся в доме отца ее; бабыр – очень старый, багши – лось, буламан – маленький охотничьи свисток, бусыр – рак (болезнь), жазаир – пушка в сажень длины, возимая на верблюде; жыш – густой, калябас – особенный головной убор, который носят замужние киргизянки, конусообразной формы, вышиною в поларшина. Убор этот накрывается белым полотном или холстом, концы которого висят сзади. Спереди же на лбу вышивается шелком или унижается королями, мирьяном, змеевиками и бусами; кулак сюинши – подарок за первый слух (вознаграждение доказчика)» сияқты сирек кездесетін сөздердің көптігі байқалады (Старчевский, 1878). Сөздіктегі «жазушы – писец, гражданский чиновник; жортуыл – предполагаемая добыча, комбе – зарытое имущество (при перекочевке с зимовок некоторые вещи зарываются); айбана – наказание за воровство, когда изобличенный в воровстве возвращает трижды девять за украденное; аудандау – подготовить дело настолько, что немного остается докончить; сасыгыт – поймавший вора с поличным имеет право отобрать от него все, кроме рубахи с подштанником. Эта добыча называется «сасыгыт». Он должен представить вора к бию. Если вор убежит, то не имеет право на сасыгыт, не может требовать суйнши, если докажет на вора, если же нет, то подвергается ответственности; сара қайсак (сарказак) – степные казахи, так называют себя сами киргизы» – тәрізді анықтамалар мен түсініктемелер өздерінің құндылығымен ерекшеленеді. «Бабыр» (қария) шағатай тілдері тобында осы мағынада қолданылады. Біздің тілімізге қажетті/қажетсіздігін ойласу қажет. «Бағыш» сөзі қазақтың ұлы жүзіндегі «бағыс» және қырғыздардағы «сарыбағыш» руының атауында сақталған. Сондықтан бұл сөзді сөздікте келтірілген мағынасында, тарихи қолданыс ретінде беруге болады.

Ешмұхамбет Букиннің «Орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздік» атты еңбегінде (Букин, 1883) мұндай тарихи қолданыс тұрғысынан құнды атаулар баршылық: енекем қосағы (кемпірқосақ), арбакеш – ارباكيش – извозчик (адамдарды тасумен айналысатын кісі); аушы – اوشى – ловец, охотник, рыбақ (аң, балық аулап күн көруші кісі), балшы – بالشى – волшебник (құмалақ ашып, не басқаша да бір сәуегейлік жасап күнелтуші кісі), бас-аким – главный начальник (қоғамдық қызмет түрі); бій – بى – судья; болыс – بوليس – волостной управитель (қоғамдық қызмет атқарушы); бояушы – بويوشى – красильщик (кәсіп түрі); дабылшы – دايبلىشى – барабанщик (кәсіп түрі); жалдаушы – наемщик (жалдаумен айналысатын кісі); жортуулшы – جورتوولشى – разведчик (жұмыс түрі); жыршы – певец, поэт (жыр, толғаулар айтып, сауық жасаушы); жүз басы – جوز باسى – сотник (әскери қызмет); зекетши – زهكيتچى – сборщик податей (зекет жинау қызметін жасаушы); караулшы – قاراولشى – караульщик, сторож; карашекпен – قارا چيکين – крестьянин, касап – قصاب – мясник (кәсіп түрі); кепил – порука, поручитель, свидетель (заңды тұлға); киндик шеше – كينديك شيشه – акушерка (бала туу кезінде көмек жасаушы маман); кюн жайлатмақ – كون جايلاتمق – заговорить чтобы был дождь или снег; кыяметтик ата – قياامتتيك آتا – посаженный отец; кыяметтик

ана – قىيامنيك انا – посаженная мать; паруардигар – پاروارديگار – творец; тауарих – توارىخ – история; Тангри – تنكري – Бог (Бог – خدای آله – Кудай, Алла); кирши катын – كيرشى خاتون – прачка; китапши – كىتابشى – библиотекарь; китап сатушы – كىتاب ساتوشى – книгопродавец; койшы – قویشى – пастух (баранов); куа – كوا – свидетель (заңда куәлік беруші); кубыши – كوبيشى – бочарь; кумалакшы – كوندوكشى – кондукшы; кызметши катын – خدمتى خاتون – служанка; кюнъдукши – كوندوكشى – поденщик; маскарабаз – ماسقاراباز – актер, фокусник; мукабашы – موقابەشى – переплетщик; муракор – موراقور – конюх; наубай – نوابى – булочник, хлебник; сактаушы – صاقتاوشى – хранитель; сурет салушы – صورات سالوچى – рисовальщик; су тасушы – سوناسوشى – водовоз, сушы – سوشى – водолаз; сыныкшы – سنيقشى – хирург; тарбие кылушы – تربيه قىلوچى – воспитатель; тарбиеленушы – تربيهلانوچى – воспитанник; таржима кылгушы – ترجمه قىلغوچى – переводчик; тауп – تاوپ – врач, доктор, лекарь; тигинши – تگينچى – портной; толенгит – تولانگىت – слуга, работник; хикаятши – حكاياتچى – рассказчик; шаньшбай – چانىشباي – оспопрививатель; шыгарушы – چىغاروچى – издатель; брадобрей – شاشتازاز – шаштараз; золотых и серебряных дел мастер – زيركير – зергер; ямшик – يامشيك – ямщик. Сөздіктегі «падша – پادشاه – царь»), «падша уй – پادشاه اوى – дворец; падшалык – پادشاهلىق – царствовать» тәрізді мысалдармен ұғымның кең қолданысы ашылып отырады. «Хан» сөзі де сол сияқты (хан – خان – хан; хандық – خاندىق – ханство; каным – قانيم – царица). Сөздікте, сондай-ақ, аспан әлеміне қатысты атаулар арасынан «млечный путь – قاز جولى – каз жолы; инекем косагы – اينه كم قوصاغى – радуга; кемпир косагы – كيمپرقوصاغى – радуга» тәрізді қолданыстарды байқаймыз. Бұл жерде соңғы екі сөздің өзара ұқсастығы байқалады. Алғашқы сөздің, яғни «енекем қосағы» сөзінің ат тергеу салты бойынша келіндер сөзіне жататындығы айқын. Бұл бір қызғылықты мысалдардың бірі болып отыр. Екінші мысалдан қазіргі тіліміздегі «кемпірқосақ» сөзінің бастапқы тұлғасын көреміз. Қазіргі тіліміздегі «құс жолы» атауының орнында «каз жолы» атауын көреміз. Бұл, енді жергілікті ерекшелікті білдіретін қолданыс болар деп топшылаймыз.

Қоғамдық құрылымға, қоғамдық орындарға, әдет-ғұрыпқа байланысты кейбір атаулардың құрамындағы «гостинный двор – كىروين ساراي – кервен сарай; гостинная – قوناق اوي ميمان حنا – конак уй, миман хана; заточение, ссылка – جىرسيير – жер сибир; от арба – اوت اربا – железная дорога, вагон, локомотив; от каик – اوت قايق – пароход; сал – صال – плотина, форсун; омбы – اومبى – заточение, ссылка; станция – قزىل اوي بكت – кызыл уй, бекет; улица – اورام كوچه – орам, коше; аляумет – الاومت – народ; аул ксиси – اول كسيسى – поселянин; жребіи, доля – سيباغه – сыбага; кун – قون – мечь, вознаграждение за убийство; наследство – انا ملكى – ата мұльки; самалык – سامالىق – новинка; абрет – ابرة – пример, обычай» мысалдары тарихи тұрғыдан құнды. Әдеттегі «жер аудару» орнына жергілікті қолданысты («жер сібір» және «Омбы») келтіріліп отыр. Демек, бұл жерде жер аударудың әдетте Сібір жаққа болатындығы, және де оның Омбы қаласы жаққа болатындығы көрсетіліп отыр. «От арба», «от кайық» аудармалары да бір кездері қолданыста болған таза қазақы атауларды көрсетеді.

Е. Букин еңбегінің атауы «Русско-киргизский и киргизско-русский словарь» аталып отырғанымен, автордың халық атын дұрыс беруі де (казак – قزاق – киргиз; казакша – قزاقچه – по киргизскій) құнды жайт.

Қорытынды

Ұсынылып отырған мақалада XVIII-XX ғасырлар аралығында құрастырылған ескі қазақ сөздіктеріндегі лексикалық қор мен ондағы заманауи және тарихи қолданыстардың арақатынасы талданды. Ескі сөздіктерде тіркелген қазақ тілі лексикасына қатысты атауларды ғылыми тұрғыдан қарастыру – тарихи лексикология мен лексикография салалары үшін өзекті әрі маңызды мәселе болып табылады.

Біріншіден, XVIII ғасырдан бастап жинақталған және қолданыста болған сөздік бірліктер мен атауларды жүйелеу мен сипаттау – қазақ тілінің тарихи дамуын, оның лексикалық эволюциясын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыттардың бірі.

Екіншіден, қазақ тілінің басып өткен жолдарындағы түрлі-түрлі тарихи кезеңдердегі соны сөзқолданыстарды келтіру, олардың мән-мағынасын ашу арқылы қазақ тілінің тарихи лексикасының құрамы, қазақ жазба тілінің тарихы айқындала түспек.

Үшіншіден, ескі сөздіктердегі қазақ тілі лексикасы құрамына кіретін сөздердің, соны

атаулардың қолданым уақыты нақты белгіленеді. Мұның өзі тарихи лексикография мен тарихи лексикология үшін ерекше құнды жағдай.

Әдебиеттер

- Бекчурин Мир-Салих. Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с кратким объяснением существующих в Оренбургском крае наречий башкир и киргизов и приложением к нему русско-персидско-татарских слов, разговоров и прописей. – Казань, 1859. – 128 с.
- Бокин Т. Русско-киргизский словарь. – Верный, 1913. – 64 с.
- Букин И. Русско-киргизский и киргизско-русский словарь. – Ташкент, 1883. – 363 с.
- Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. – Москва: Издание Общества любителей российской словесности, учрежденного при Императорском Московском университете, 1863–1866.
- Кононов А.Н. Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период). – Москва: Наука, 1974.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том. – Алматы, 2011.
- Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. / Құраст. Ф. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
- Малбақов М. Қазақ сөздіктері. – Алматы, 1995. – 114 б.
- Малбақұлы М. Қазақ лексикографиясының тарихы. – Алматы, 2025. – 320 б.
- Нақысбеков О. Қазақ тілі говорларының оңтүстік тобы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 168 б.
- Орысша-қазақша сөздік. М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың (Санкт-Петербург) қолжазба бөлімі. 7-қор. Аделинг архиві, №17.
- Старчевский А.В. Спутник русского человека в Средней Азии, заключающий в себе словари (написанные русскими буквами) языков: I. тюркского (джагатайского или узбекского) с особенностями наречий кашгарского, хивинского и туркменского; II. киргизского (казахского); III. татарского (казанского и оренбургского); IV. сартского (городского узбекского); V. таджикского (бухарского) с грамматическими очерками. – СПб., 1878.
- Фасмер М. Этимологический словарь русского языка: в 4 т. / Макс Фасмер; пер. с нем. и доп. чл.-корр. АН СССР О.Н. Трубачева; под ред. и с предисл. проф. Б.А. Ларина. – Изд. 2-е, стер. – Москва: Прогресс, 1986-1987.
- Klaproth, J. Sur la langue des Kirghiz. // Journal asiatique. Paris. T. 7. 1825. P. 321-344.
- Wiktionary. Appendix: Swadesh lists: https://en.wiktionary.org/wiki/Appendix: Swadesh_lists

References

- Bekchurin, M. (1859) *Nachal'noe rukovodstvo k izucheniju arabskogo, persidskogo i tatarskogo jazykov s kratkim ob`jasneniem sushchestvujushhij v Orenburgskom krae narechii bashkir i kirgizov i prilozheniem k nemu russko-persidsko-tatarskih slov, razgovorov i propisej*. Kazan`. 128 s. [Bekchurin, M. (1859) *Introductory Guide to the Study of Arabic, Persian, and Tatar Languages with a Brief Explanation of the Dialects of the Bashkirs and Kirghiz in the Orenburg Region, with Appendices of Russian–Persian–Tatar Words, Conversations, and Handwriting Samples*. Kazan, 128 p.] (in Russian)
- Bokin, T. (1913) *Russko-kirgizskij slovar`*. Vernyj. 64 s. [Bokin, T. (1913) *Russian-Kyrgyz Dictionary*. Verny, 64 p.] (in Russian)
- Bukin, I. (1883) *Russko-kirgizskij i kirgizsko-russkij slovar`*. Tashkent. 363 s. [Bukin, I. (1883) *Russian–Kyrgyz and Kyrgyz–Russian Dictionary*. Tashkent, 363 p.] (in Russian)
- Dal`, V.I. (1863-1866) *Tolkovij slovar` zhivogo velikoruskogo jazyka*. Moskva: Izdanie Obshchestva ljubitelej rossijskoj slovesnosti, uchrezhdjonnogo pri Imperatorskom Moskovskom universitete. [Dal, V.I. (1863-1866) *Explanatory Dictionary of the Living Great Russian Language*. Moscow: Society of Lovers of Russian Literature, Established at the Imperial Moscow University.] (in Russian)
- Fasmer, M. (1986-1987) *Jetimologicheskij slovar` russkogo jazyka: v 4 t.* / Maks Fasmer; per. s nem. i dop. chl.–korr. AN SSSR O. N. Trubacheva; pod red. i s predisl. prof. B. A. Larina. 2-e izd., ster. Moskva: Progress. [Fasmer, M. (1986-1987) *Etymological Dictionary of the Russian Language: in 4 Volumes*. Translated from German and supplemented by O. N. Trubachev; edited and prefaced by Prof. B. A. Larin. 2nd ed. Moscow: Progress.] (in Russian)
- Klaproth, J. (1825) *Sur la langue des Kirghiz*. // *Journal Asiatique*. Paris. t. 7. P. 321–344. (in French)
- Kononov, A.N. (1974) *Biobibliograficheskij slovar` otechestvennyh tjurkologov (dooktjabr`skij period)*. Moskva: Nauka. [Kononov, A.N. (1974) *Bio-Bibliographical Dictionary of Russian Turkologists (Pre-October Period)*. Moscow: Nauka.] (in Russian)
- Malbaqov, M. (1995) *Qazaq sozdikteri*. Almaty, 114 b. [Malbakov, M. (1995) *Kazakh Dictionaries*. Almaty, 114 p.] (in Kazakh)
- Malbaquuly, M. (2025) *Qazaq leksikografijasynyng tarihy*. Almaty, 320 b. [Malbakuly, M. (2025) *History of Kazakh Lexicography*. Almaty, 320 p.] (in Kazakh)
- Naqysbekov, O. (1982) *Qazaq tili govorlarynyng ongtustik toby*. Almaty. [Naqysbekov, O. (1982) *Southern Group of Kazakh Dialects*. Almaty.] (in Kazakh)
- Oryssha-qazaqsha sozdik. M.E. Saltykov-Shchedrin atyndagy Memlekettik Kopshilik Kitaphananyng (Sankt-Peterburg) qolzhaba bolimi. 7-qor. Adeling arhivi, №17. [Manuscript Department of the M.E. Saltykov-Shchedrin State Public Library (St. Petersburg). Fund 7. Adeling Archive, No.17. *Russian–Kazakh Dictionary*.] (in Kazakh)

Qazaq adebi tilining sozdigi (2011) On bes tomdyq. 12-tom. Almaty. [Dictionary of the Kazakh Literary Language (2011) 15 volumes. Vol.12. Almaty.] (in Kazakh)

Qazaq tilining ajmaqtyq sozdigi (2005) Almaty: Arys, 824 b. [Regional Dictionary of the Kazakh Language (2005) Almaty: Arys, 824 p.] (in Kazakh)

Starchevskij, A.V. (1878) Sputnik russkogo cheloveka v Srednej Azii, zakljuchajushchij v sebe slovari (napisannye russkimi bukvami) jazykov: I. tjurkskogo (shagatajskogo ili uzbekskogo) s osobennostjami narechij: kashgarskogo, hivinskogo i turkmenskogo; II. kirgizskogo (kazakhskogo); III. tatarskogo (kazanskogo i orenburgskogo); IV. sarts-kogo (gorodskogo uzbekskogo); V. tadjhikskogo (buharskogo) s grammaticeskimi ocherkami. SPb. [Starchevski, A.V. (1878) Companion of the Russian Man in Central Asia, Containing Dictionaries (Written in Russian Letters) of the Languages: I. Turkic (Chagatai or Uzbek) with Dialectal Features: Kashgar, Khiva, and Turkmen; II. Kirghiz (Kazakh); III. Tatar (Kazan and Orenburg); IV. Sart (Urban Uzbek); V. Tajik (Bukhara), with Grammatical Sketches. St. Petersburg.] (in Russian)

Wiktionary. Appendix: Swadesh lists: https://en.wiktionary.org/wiki/Appendix:Swadesh_lists

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 12.12.2025.

© Малбақов М., Қайрат А., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

